



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№37 (1819)  
9 қазан  
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Италия елшісі нақты нәтижелерді жоғары бағалады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасындағы Италия елшісі Марко Альбертимен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар ғылым және білім саласындағы екіжақты байланыстың жай-күйін талқылады. Сонымен бірге Қазақстан мен Италия арасындағы стратегиялық серіктестіктің негізгі міндеттерін ортаға салды.

Жоғары оқу орнының ректоры Италия елшісіне жылы лебізін білдіріп, университеттің қызметі жайлы, екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық серіктестік жетістіктері жөнінде баяндады және ғылыми-білім беру саласындағы бағдарламалар мен жобалар туралы айтып, сондай-ақ жаңа технологияларды таныстырып өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Италияның 14 жетекші университеті және ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз қарым-қатынас жасайды. Олардың ішінде Флоренция, Сапиенз Рим, Ка Фаскари- Венеция, Пизан, Карло Бо атындағы Урбин, Катаний университеттерін, Релятивистік астрофизика халықаралық орталығын және т.б. атап өтуге болады. Бұған қоса, «Саясаттану» және «Тарих» мамандығы бойынша бакалавриат пен магистратураның қос-дипломдық бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Соңғы үш жылда 135 студент пен

18 докторант осы елде оқып келді, жоғарыда аты аталған ЖОО-лар ұйымдастырған ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысты, сондай-ақ 15 оқытушы бірлескен зерттеу жұмыстары бойынша Италияның жоғары оқу орындарына барып қайтты. Италиялық университет профессорлары PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік жасай отырып, лекция оқу мақсатымен ҚазҰУ-ға бірнеше рет келді.

Университет ректоры сонымен бірге «Эрасмус+» бағдарламасы аясында балаларға күтім жасау саласындағы білімді жетілдіру жолында үлгі ретінде Орталық Азиядағы жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімді модернизациялаудың ChildSA жобасы жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Оның негізгі үйлестірушісі – Павий университеті, ал ҚазҰУ тарапынан медицина және денсаулық сақтау факультетінің жоғары медицина мектебі жауапты.

Жалғасы 2-бетте



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Пәкістанның Қазіргі заманғы тілдер ұлттық университетінің ректоры, генерал-майор Мұхаммед Джафармен онлайн кездесу өткізді.

## Ынтымақтастық туралы меморандум қабылданады



Онлайн отырысқа Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшісі Саджад Ахмед және Қазақстан Республикасының Пәкістан Ислам Республикасындағы елшісі Ержан Қыстафин қатысты.

Университет басшысы екі ел арасындағы жемісті дипломатиялық қарым-қатынасты атап өтіп, білім және ғылым саласындағы байланысты одан әрі жандандыру ниетін білдірді. 1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде урду тілі мен әдебиеті мамандығы ашылғанын тілге тиек ете келе, ректор сол уақыттан бері білім ордасында урду тілін білетін 50-ден астам маман даярланғанын айтты.

Сонымен қатар 2019 жылы шығыстану факультетінде Қазақстандағы Пәкістан Ислам Республикасы елшілігінің қолдауымен Мұхаммад Али Джинна атындағы орталық ашылды. Оқу орнының басшысы биыл осы орталықты техникалық әрі оқу материалдарымен толықтырғаны үшін Пәкістан тарапына ризашылық білдірді.

Өз кезегінде Қазіргі заманғы тілдер ұлттық университетінің ректоры, генерал-майор Мұхаммед Джафар өзара ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға мүдделілік танытты.

Жүздесуде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою келісіліп, тараптар өз ұсыныстарын ортаға салды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Лихай университетінің шығармашылық ізденістер жөніндегі бірінші проректоры және Mountaintop бастамасының директоры, профессор Ханджан Мехтамен ынтымақтастық және бірлескен жобаларды іске асыру жайын талқылады.

## Бірлескен жобалар талқыланды



ҚазҰУ көп жылдар бойы әлемдегі ең беделді зерттеу оқу орындарының бірі болып танылған АҚШ-тың Лихай университетімен жемісті қарым-қатынас орнатқан.

Университет басшысы алғы сөзінде ҚазҰУ АҚШ-тың түрлі салалардағы академиялық ме-

кемелерімен тығыз байланыста екенін атап өтті. АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындары, институттары, зерттеу орталықтары, қауымдастықтары және үкіметтік емес ұйымдарымен 10-нан астам келісімге қол қойылды. Оның шеңберінде түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жоба-

лар табысты іске асырылуда. Ректор ҚазҰУ-дың 2014 жылдан бастау алатын Америкалық кеңеспен ынтымақтастығын мысалға алды. Осы беделді ұйымның келісімшарты аясында университет жыл сайын АҚШ университеттерінің студенттерін біржылдық және жазғы тілдік тағылымдама бағдарламаларына қабылдай-

ды. «Флагман», «Орыс тілі және халықаралық дипломатия» оқу бағдарламалары бойынша америкалық 340 студент ҚазҰУ-да білім алды. Бұдан бөлек, 2011 жылдан бастап Колумбия университетінің Жер институтымен және әлемнің 24 жетекші университетін біріктіретін MDP/Global Classroom-мен бірлескен бағдарлама іске асырылуда.

Өз кезегінде профессор Ханджан Мехта университет басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, Лихай университетінің жетістіктерімен бөлісті. Ортақ жобалардың мүмкіншіліктеріне тоқталып, тәжірибе алмасуға, тығыз байланыс орнатуға ниет білдірді.



Еділ НОЯНОВ:  
Тарих – өткен шақ пен келешектің көпірі

4



Күрделі эфирден – дәрі шығаруға дейін

5



Бекжан МЕЙРБАЕВ:  
ҚазҰУ болашаққа жол ашты

6

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Исламабад халықаралық ислам университеті жанындағы Исламды зерттеу институтының бас директоры Мұхаммед Зия ул-Хак мырзамен онлайн жүздесті.**

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев кездесуде жемісті әріптестік барысына тоқталған соң, өзара серіктестікті дамыту және әрекеттестік аясын кеңейтуді

## Діни ағарту – тұрақтылық кепілі

Оқу орнының басшысы алғы сөзінде діни ағарту және зайырлы жан-жақты білім беру қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға ықпал ететінін айта келе, исламды зерттеудегі екіжақты ынтымақтастықтың өзектілігін атап өтті.

Қазіргі уақытта білім ордасы Пәкістанның Карачи университетінің Халықаралық химия және биология ғылымдары орталығы, Лахор университеті және COMSATS Ақпараттық технологиялар институтымен тығыз байланыста. Екі ел арасында «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы дамып келеді. Бүгінде қарашаңырақта пәкістандық 44 студент «Биотехнология», «Машиналық оқыту және деректерді талдау», «Стоматология» және «Жалпы медицина» мамандықтары бойынша білім алуда.

Сонымен қатар ректор ҚазҰУ Бас хатшылығы Пәкістанда орналасқан COMSATS халықаралық ұйымының Қазақстандағы басты тәжірибе орталығы екенін тілге тиек етті.

2017 жылдан бастап уни-



верситет Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ислам ұйымы (ISESCO) және Оңтүстіктің тұрақты дамуы бойынша ғылым және технологиялар жөніндегі комиссиямен (COMSATS) ынтымақтастық орнатқан.

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде Дінтану және мәдениеттану кафедрасы табысты жұмыс істеп, онда дінтану және исламтану саласы бойынша мамандар даярланады.

ұсынды. Пәкістанның жетекші университеттерімен тығыз ынтымақтастық орнатуға мүдделілік таныта отырып, профессорды тәжірибе алмасуға және ҚазҰУ-да дәріс оқуға шақырды.

Өз кезегінде институт директоры Мұхаммед Зия ул-Хак ЖОО жетістіктерін жоғары бағалап, өзара ықпалдастықты қолдайтынын мәлімдеді.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев гуманитарлық факультеттердегі зиялы қауым өкілдері мен жас ғалымдарға жаңа міндет жүктеді.**

на өз үлестерін қосқанын атап өтті.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар «Мәңгілік ел» ба-

## Гуманитарлық ғылымға жаңа көзқарас қажет

Өзінің тарихын санау 1934 жылдан бастайтын еліміздің жоғары білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Қазақ ұлттық университеті тәуелсіздік жылдары көптеген табыстарға қол жеткізді. Бұл ретте ірі ғылыми мектептер дәстүрін бұзбай үздіксіз дами отырып, әлемнің ең үздік 200 университеті санатына қосылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Биыл қастерлі тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған Қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл – көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл ар-



ман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», – деген еді.

Басқосуда университеттегі ғылыми зерттеулерді дамытудың әлеуметтік-гуманитарлық бағытының қазіргі жай-күйі, мәселелері мен болашағы талқыланды.

Университет ректоры Ж.Түймебаев ҚазҰУ-дың ғылыми мектептері ғылымның барлық дерлік салаларында, соның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша экономикалық-математикалық модельдеу, экономиканы мемлекеттік реттеу, қазақ тілінің тарихы, фарабитану, түркітану, арабтану, ирантану, қытайтану, жапонтану мен корейтану және тағы басқа салаларда ғылымның дамуы-

сымдығы бойынша 2020-22 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 842 млн 511 мың теңге болатын 31 жобаны іске асыруда. Оның ішінде жалпы сомасы 301 млн 473 мың теңгені құрайтын сегіз жоба жас ғалымдардың еншісінде.

Мемлекет басшысы өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында мына мәселеге ерекше назар аударды: «Жаһандық тұрақсыздық пен көптеген жаңа сын-қатерлер жағдайында біз өзіміздің құндылық бағдарларымызды нығайтып, болашақтың айқын бейнесін қалыптастыруымыз керек». Президент «Қазақ тілі білім мен ғылымның, мәдениет пен ісқазғаздарын жүргізу тіліне айналуға» деп ерекше атап өтті. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында бір-қатар мәселелер айтылды.

**Кәмила ДҮЙСЕН**

## Италия елшісі нақты нәтижелерді жоғары бағалады



Соңы. Басы 1-бетте

Бұл жобаға Еуропаның үш мемлекетінен (Италия, Германия, Польша) және Орталық Азияның үш елінен (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан) 11 университет қатысып жатыр. Осыған орай, ЖОО жетекшісі Италия мен Қазақстан ЖОО-лары арасындағы байланыстың одан әрі дамуына қолдау көрсетуін сұрады.

Ректор жоғары білікті кадрлар даярлау, ғылыми-инновациялық жобалардың әзірлемелерін, нанотехнологиялар мен материалдар жасауда, археология саласы бойынша алға қойған мақсаттарды


жедел шешу үшін екі ел арасындағы тығыз және жемісті қарым-қатынастың жалғасын табатынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Қазақстандағы Италия елшісі Марко Альберти мырза жылы қабылдау көрсеткені үшін ЖОО басшылығына алғыс айтып, италиялық университеттермен арадағы тығыз байланыстың арқасында қол жеткізілген нақты нәтижелерге жоғары баға берді. Ол екі ел арасындағы ғылыми-білім беру байланысына бағытталған ҚазҰУ-дың барлық жобалары мен бастамасына қолдау көрсететініне сендірді.

**Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ**

## ҚазҰУ-да киногерлер даярланады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Kazakh Cinema» Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының өкілдері келді. Кездесу аясында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен «Kazakh Cinema» Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.**



Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қарашаңырақтың қазақ кино өндірісінің дамуына серпін берер зор әлеуетіне тоқталып, осы мақсатта үлкен жобаларды бірлесіп жүзеге асыру ниетін жеткізді. Биыл журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында бакалавриатура деңгейінде «Кино & Медиа» білім беру бағдарламасы ашылғанын хабарлады. Бұл бағдарлама шығармашылық шеберлікті қолдана отырып, креативті өнім жасауға қабілетті кино және медиа саласындағы сұранысқа ие кадрларды даярлауға бағытталған. Сонымен қатар оқу үдерісіне «Кино тарихы», «Кино және медиа зерттеулер», «Кинодраматургия», «Кинорецензиялар», «Режиссура» сияқты пәндер енгізілгенін айта келе, ректор осы саланың үздік мамандарын дәріс оқуға, сапалы маман даярлау ісіне атсалысуға шақырды.

«Kazakh Cinema» орталығының басқарма төрағасы өз кезегінде оқу орнының бастамаларына қолдау танытып, кино саласын дамытудағы академиялық білімнің маңызына назар аударды. Университет түлегі ҚазҰУ қабырғасында алған іргелі

білімнің өз қызмет жолында үлкен мүмкіншіліктерге жол ашқанын ризашылықпен атап өтті. Теория мен тәжірибені ұштастырып, білім берудің өзектілігіне мән беріп, ҚазҰУ қабырғасында кино саласының жастарына арналған оқу-өндірістік хаб ашуды ұсынды. Өзара ықпалдастықтың сала мамандарын даярлаудағы жарқын келешегіне зор сенім білдірді.

Сондай-ақ кездесуде Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Шүкенов пен Баспасөз қызметінің жетекшісі Андрей Сакулинский, Қазақстан киносыншылары қауымдастығының президенті Гүлнар Әбікеева, танымал актер, сценарист Нурлан Санжар сынды өзге де сала мамандары қатысып, кино өндірісін жаңа бағытта дамыту және кадр даярлау жөніндегі өз көзқарастарымен бөлісті. Қонақтар бүгінде киносыншы, киносценарист, кинодраматургия мен деректі фильм мамандарына талаптың өзгергенін алға тарта келе, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі кино өндірісінің даму ерекшеліктерін сөз етті.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

## Олимпиада жеңімпазы студенттермен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Токио-2020 олимпиадасының қола жүлдегері, дзюдошы Елдос Сметовпен кездесті.



Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев өзінің құттықтау сөзінде ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, ҚазҰУ түлегі Елдос Сметовті Токио төріндегі жеңісімен құттықтады. ҚазҰУ ректоры студенттер мен мұғалімдер арқашан спортшылардың өнерін қадағалап, оларға шын жүректен қолдау көрсететінін баса айтты. Ауыр атлет Игорь Сон, еркін күрестен Нұрслам Санаевтың, паралимпиадалық ойындарда Жұмағали Нұрдәулеттің (жузу) үздік нәтиже көрсеткенін тілге тиек ете отырып: «Спортшының әр жеңісі – ел үшін де, ҚазҰУ үшін де үлкен қуаныш әрі зор мақтанш. Бұл біздің жастар үшін жарқын үлгі», – деп атап өтті.

Университет басшысы тәуелсіздіктің 30 жылында мемлекет спортты дамытуға және жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше назар аударғанына да тоқталды. Бұл үшін университетте

барлық жағдай жасалып, спорттық дәстүрлер қалыптасқан. Осы жылдар ішінде біздің студенттер еліміздің спорттық намысын олимпиада ойындарында, әлем чемпионаттарында, әлемдік универсиадада, Азия және Еуропа чемпионаттарында лайықты түрде қорғап келеді. ҚазҰУ-да спорт кешені, стадион, волейбол жағажайы, студенттерге арналған жабық және ашық спорт алаңдары, теннис корты және т.б. барлық мүмкіндіктер жасақталғаны да мысалға алды.

Өз кезегінде Елдос Сметов университет басшылығына жылы қабылдау үшін және оқытушы-ұстаздарға оқу мен жарыстар кезінде қолдау көрсеткені үшін алғысын білдіріп, өзінің альма матерде өткізген студенттік шақтарын мақтаншыпен еске алды. Спортшы келешектегі жоспарлары туралы айта отырып, Парижде өтетін 2024

жылғы олимпиада ойындарына дайындалып жатқанын жеткізді. Ол сонымен қатар болашақта олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарының жаңа медалдарын университет қоржынына салатын ең мықты спортшылардың ҚазҰУ-дан шығатынына сенім білдірді. Ректор Жансейіт Түймебаевпен өткен кездесу барысында Елдос Сметов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Студенттермен кездесу барысында чемпион өзінің спорттық жетістіктерінің сырларымен бөлісті. Әңгіме барысында студенттер өз сұрақтарын қойып, даңқты спортшыдан толыққанды жауап алды. Олимпиада чемпионы жақын арада Оралда дзюдодан балалар арасында жарыс ұйымдастырып және демеушілік етіп жатқанын хабарлады.

Нұрбек НУРЖАНҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар факультетінде қолданбалы математика және кибернетика саласындағы көрнекті ғалым, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Бияров атындағы аудиторияның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Мемлекеттік стандарттар әзірленді, механика-математика факультетінің студенттеріне арналған бірнеше оқулық пен оқу құралдары дайындалды. Төлеухан Бияровтың

## Академик атындағы аудитория ашылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры м.а. Қанатбек Мұқанов, Т.Бияровтың жары Аманкүл Биярова құрметті қонақтармен бірге аудитория лентасын қиып, игі тілектерін арнады.

Ғалымның атындағы аудиторияның заманауи компьютерлік жабдықтар мен эргономикалық жиһазбен, көрнекілік стендтермен қамтылуы физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мақсат Қалимолдаевтың демеушілігімен жүзеге асырылды.

Шараға ақпараттық технологиялар факультеті мен механика-математика факультетінің декандары, оқытушы профессорлары, ғалымның замандас-әріптестері, шәкірттері мен туыстары қатысып, Төлеухан Нұралдаулының өмірінен сыр шертіп, игі істері мен адамгершілік болмысын еске алды.

Профессор Төлеухан



Бияров – дарынды педагог және жоғары білім беруді ұйымдастырушы ретінде өзіндік мектеп қалыптастырған ұстаз-ғалым. Білімді шәкірттер тәрбиелеп, университетте «Математикалық кибернетика», «Информатика», «Бизнесітегі ақпараттық жүйелер» мамандықтарының қалыптасуына зор үлес қосқан ғалым артына мол ғылыми мұра қалдырды.

Ғалымның ұйытқы болуымен «Бизнесітегі ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша

жетекшілігімен бір физика-математика ғылымдарының докторы, 19 физика-математика ғылымдарының және техника ғылымдарының кандидаты даярланған. Бүгінде ғалымның шәкірттері кибернетика және ақпараттық технологиялар саласында тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де еңбек етіп жүр.

Академик атындағы жаңа аудитория білікті мамандар даярлап шығаруға үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

Өз тілшімізден

Факультет медицина и здравоохранения КазНУ имени Аль-Фараби активно развивает научное направление, отвечающее на высокие запросы общества, которому требуются медицинские кадры и специалисты здравоохранения новой формации.

Сотрудники научно-исследовательской лаборатории здоровья и окружающей среды (НИЛ ЗОС) факультета медицины и здравоохранения КазНУ имени Аль-Фараби занимаются различными вопросами воздействия факторов внешней среды, в первую очередь факторов рабочего процесса, на здоровье человека. Несмотря на определенные успехи в изучении и других вопросов общественного здоровья, таких как профессиональное выгорание, популяционные исследования респираторного здоровья, приоритетом в изучении таких факторов является состояние и качество воздуха рабочей зоны на отдельных видах производств и при различных технологических процессах. Сотрудники лаборатории за 2020-2021 годы опубликовали несколько работ именно по оценке и углубленному математическому анализу качества воздуха на рабочих местах.

Так, в журнале Occupational and Environmental Medicine в этом году опубликована работа сотрудников НИЛ ЗОС о сравнительном анализе массовой концентрации взвешенных частиц PM<sub>2,5</sub> при производстве изделий

## Анализ качества воздуха

из металла на заводе металлоконструкций. Показано, что из четырех изученных производственных процессов (плазменная резка, изготовление деталей на станках, сварка и сборка металлоконструкций) именно плазменная резка привносила в наибольшей экспозиции работников к металлическому аэрозолю. Так, максимальная минутная концентрация при этом процессе составляла 8,551, а геометрическая средняя всех проб – 1,727 мг/м<sup>3</sup>. Такие высокие уровни экспозиции определенно требуют разработки профилактических мер среди работников производства изделий из металла с регулярным мониторингом состояния респираторного и сердечно-сосудистого здоровья работников таких производств. Данная работа была продолжена в другом исследовании, где у работников этого же производства авторы измеряли уровни выдыхаемого монооксида азота (NO) как маркера специфического воспаления, а также проводили спирометрию. Было показано, что наибольшие концентрации этого маркера определяются у сварщиков, а не у операторов плазменной резки, что теперь требует дальнейшего изучения.

Другим не менее важным исследованием сотрудников НИЛ ЗОС является исследование персональной экспозиции к аэрозолю от сжигания древесного угля у шашлычников на рабо-



чем месте. Результаты данной работы были опубликованы в Journal of Exposure Science and Environmental Epidemiology, где работники НИЛ ЗОС показали крайне высокие концентрации PM<sub>2,5</sub> в воздухе рабочей зоны шашлычника. Ранее все работы были построены вокруг изучения уровня полициклических ароматических углеводородов при любительском приготовлении шашлыка, а данное исследование продемонстрировало персональные экспозиции именно к взвешенным частицам аэрозоля на рабочем месте. Было выявлено два вида экспозиции: интермиттирующей и постоянной. При последнем медиана ежедневных геометрических средних концентраций составила 0,404 мг/м<sup>3</sup>, что значительно больше, чем при первом виде экспозиции, однако при первом виде отмечались запредельно высокие разовые концентрации. Данное исследование показало, что риски для респираторного и сердечно-сосудистого здоровья шашлычника на рабочем месте могут быть крайне высокими. Работа НИЛ ЗОС в области

медицины труда не ограничивается только лишь гигиеническими работами. Так, авторами впервые в Казахстане проведено и опубликовано популяционное исследование риска развития хронической обструктивной болезни легких (ХОБЛ) от профессиональных воздействий (опубликовано в International Journal of COPD), где авторы показали, что работа в условиях воздействия газа, пыли, дыма и пара повышает риск развития ХОБЛ в 1,71 раза независимо от других причинных факторов ХОБЛ, таких как курение, физическая активность, возраст, пол и социоэкономический статус. Другим примером подобных работ сотрудников НИЛ ЗОС служит большое национальное исследование распространенности контролируемой и неконтролируемой астмы в популяции больных астмой, законченное недавно.

Основной сферой интересов НИЛ ЗОС служит загрязнение воздуха на рабочих местах, однако сотрудниками лаборатории приводятся и другие исследования в области медицины труда и респираторной патологии. В настоящее время сотрудники лаборатории участвуют в научных проектах:

- Проведение популяционного исследования распространенности ХОБЛ и профессиональных факторов риска заболелания населения города Алматы.

- Проведение систематического обзора ущерба от профессиональных факторов для возникновения респираторных заболеваний в рамках рабочей группы Европейского респираторного общества и Торакального респираторного общества.

- Систематический обзор и мета-анализ эффективности и безопасности цитизина для лечения табачной зависимости.

- Изучение экспозиции к взвешенным частицам PM<sub>10</sub> на «чистых» рабочих местах в условиях загрязненного воздуха зимой в результате сжигания твердого топлива.

- Мониторинг загрязнения воздуха города Алматы взвешенными частицами PM<sub>2,5</sub> и ассоциация с отопительным сезоном и сжиганием твердого топлива.

- Гигиеническая оценка и клинико-эпидемиологическое исследование по ассоциации с показателями функции внешнего дыхания у работников завода металлических конструкций в городе Алматы.

Таким образом, новое для КазНУ имени Аль-Фараби научное направление – медицина и здравоохранения – успешно развивается и уже вносит свой вклад в научно-инновационную деятельность и в трансформацию вуза в исследовательский университет.

Денис ВИННИКОВ, зав. научно-исследовательской лабораторией здоровья и окружающей среды

Қазақстан тарихы кафедрасы ел идеологиясының қалыптасуы мен рухани өмірінде үлкен жұмыстар атқарып келеді. 1995 жылы республика үкіметінің «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы мақұлданып, еліміздің төл тарихының да негізі қалануына одан ары жол ашты. Онда негізінен отандық тарих ғылымының басым тұстары сөз болды. Тәуелсіз ел болғалы төл тарихымыз терең зерттеліп, егемен елдігімізге, ой-санамызға, жас ұрпақтың сауатты бола түсуіне өз ықпалын тигізуде. Төл тарихымыз – ұлтымыздың келешегі мен өткенін түйістіретін көпір. Біздің кафедра да өз қал-қадерінше егемендігіміздің өркендеп, университетіміздің дами түсуіне септігін тигізіп жатыр.

Тарих ғылымында жаңа көз-қарастарды қалыптастыруда тарих факультетінде 1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Хабаршы» (тарих сериясы) журналы жарияланып келеді. Бүгінге дейін бұл журналдың 101 нөмірі жарық көрді. Журнал соңғы үш жылдан бері халықаралық Scopus базасы тізіміне кіру мақсатында күрделі жа-

базасында құрылған, ҚР ҰҒА-ның құрметті академигі Т.Омарбеков директоры болып табылатын «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерделеу» республикалық ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, жемісті жұмыс жасап отыр. Мен жоғарыда көрсетілген орталықта қызмет істеп, төрт кітаптан тұратын, жаңа көзқараспен жазылған «Қазақстан (Қазақ



Еділ НОЯНОВ, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

# Тарих – өткен шақ пен келешектің көпірі

нұсқаларды бастан өткізуде. Аталған журналда Қазақстанның ежелгі тарихына қатысты сақтар, ғұндар жайлы көптеген мақалалар жарияланып тұрады.

1993 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындарында бұрынғы «КОКП тарихы» орнына «Қазақстан тарихы» курсы оқытылатын болып өзгертілді. Жас маман ретінде қарашанырақ мені кері қайта шақырды. Осы жылдарда мен ассистент қызметінен доцент қызметіне дейін дәрежемен өсті. Сонымен қатар 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін сол кездегі Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасында, кейіннен біріккен Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келемін. 1996 жылы кандидаттық диссертациямды қорғап, жаңа деңгейде ғылыми еңбектер жазуды қолға алдым. Мемлекетіміздің, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың тікелей жарлығымен 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Халықтар тұтастығы мен ұлттық тарих жылы, 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жариялануы өткен тарихымызды қайта саралап, зерделеуге, тарих бетінің ақтаңдақтарын өз ортамызға алып келу арқылы бұқаралық сана мен жастар арасындағы патриоттық тәрбиеге негіз қалауға септігін тигізді.

2013 жылы Елбасы бастама-сымен үш жылға арналған «Халық тарих толқынында» арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы ұсынылды. Бұл бағдарлама 2014-16 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Бағдарлама аясында мол қаржы бөлініп, еліміздің ірі қалалары – Астана мен Алматыда бес республикалық ғылыми орталық ашылды. Соның үшеуі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінде ашылып, жұмыс істеуде. Қазақстан тарихы кафедрасы

елі) тарихы» оқулығының авторы қатарынан табылды. Аталған оқулық ҚР БЖҒМ-ның 2016 жылғы «Үздік оқулық» номинациясын жеңіп алды. Бүгінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, ЖОО студенттерінің қолынан табылатын бірден-бір оқулық қатарында.

Сонымен қатар ғылыми-зерттеу орталығы 2014-17 жылдары жариялаған тоғыз монографияның үшеуінің авторлар құрамына кірдім. Мен ғылыми жұмыстар жазумен қатар, өзімнің ғылыми көзқарастарымды еліміздің телеарналарында сұхбат, құжатты фильмдер түрінде білдіріп келемін. «Қазақстан» телеарнасында «Айтуға оңай», «Қарақет» бағдарламаларында ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи тұлғаларға қатысты 10-ға жуық көрсетілімге қатыстым. Сондай-ақ аталған телеарнаның түсірілімімен қазақты құраған тайпалар тарихына қатысты көптеген құжатты фильмдер түсірілді. Соңғы кездері «Талим» телеарнасы XX ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты менің бес дәрісімді түсіріп, көпшілікке ұсынды. «Аңыз адам» журналының №15 нөмірінде жарияланған Қазақстан тарихы мен әлем тарихында орын алған жеке тұлғаларға қатысты берген сұхбаттарым бұқара халықты төл тарихымен таныстыруға қосқан үлесім деп есептеуге болады.

Мен үш монографияның, ЖОО-ға арналған үш оқулықтың, үш типтік бағдарламаның, үш қосымша оқу құралы мен мектеп оқушыларына арналған үш электронды оқу құралы авторларының құрамындамын. Сондай-ақ 70-ке жуық ғылыми мақала мен дистанциялық оқуға арналған MOOK авторы қатарындамын.

Ғылыми жобаларға қатысып, үздіксіз зерттеу жұмысын жүргізу – әрбір ЖОО қызметкерінің басты мақсаты. Зерттеу жұмысы нәтижелерімен баспасөз және телеарналарда бөлісіп, халыққа қызмет етуді жалғастыру қажет.

Университет оқытушылары ретінде шәкірттердің дипломдық жұмыстары мен магистрлік диссертацияларына жетекшілік жасауды жалғастыра бермекпіз. Университетіміз ғылыми-зерттеу оқу орнына айналуы және халықаралық рейтингтерде иеленген жоғары орнын сақтап қалу үшін шетелдік, соның ішінде Scopus базасындағы журналдарда мақалалар жариялауды жалғастыра беруіміз тиіс.

Қазақстан тарихы алдымен қазақтың өзіне қажет. Сол себепті де ел Президенті мен үкіметіміздің идеологиялық салаға қажет жолдаулары мен стратегиялық бағдарламаларын халыққа насихаттау жұмысы жалғасын табатын болады. Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде оқу үдерісіне қатысты ісқағаздары бойынша жұмысты жалғастыру университеттің басты талаптарының бірі. Олардың қатарында шетелдік алдыңғы қатарлы университеттермен қос диплом, бірлескен оқу бағдарла-

маларын дайындау, жаңа мамандықтар ашу, білім беру бағдарламаларын жаңғырту, жаңа базалық және элективті курстар дайындау, әрине, ең бастысы – сапалы, бәсекеге қабілетті маман даярлау біздің жұмыстың басты приоритеті болып қала бермек.

Кафедра бакалавриатта «6B02205-Тарих» мамандығы, магистратурада «7M02210-Тарих» мамандығы, докторантурада «8D02206-Тарих» мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Аталған мамандықтар бойынша мамандар даярлау университет талабы бойынша жүзеге асырылып келеді. Магистратура бойынша Түркияның Стамбул университетімен бірлесіп «7M02213-Ұлттық тарих», Италияның Ла Сапиенца университетімен «7M02208-Дүниежүзі тарихы» мамандықтары бойынша қосдипломды бағдарламалар, Ресейдің Халықтар достығы университетімен бірлескен оқу бағдарламасы бойынша мамандар даярлануда. Аталған мамандық бойынша білім алған магистранттар өз университетімізден бөлек, көрсетілген елде білім алып, екі ЖОО-ның да дипломдарын алуда.

Соңғы жылдарда тарих мамандығы бойынша сұранысқа ие жаңа мамандықтар дайындау жұмысы да үздіксіз жүзеге асырылып келеді. Бакалавриатта «Тарих және информатика», магистратурада ағылшын тілінде оқытылатын «7M02214-Көпшілік тарих» мамандықтарының негізгі оқу бағдарламалары дайындалды. Негізгі оқу бағдарламалары 2020 жылы «Тарих» мамандығының барлық білім беру сатыларында QS халықаралық рейтингінің әлем бойынша гуманитарлық саладағы 150-200 аралығындағы үздік мамандықтар қатарына ілінді. «Тарих» мамандығының барлық сатылары, ACQUIN – Das Akkreditierungs (Германия) халықаралық аккредитация ұйымының, ARQA халықаралық ұйымының, сонымен қатар HKAOKO,

НААР, «Қазақстан 2050» ұлттық аккредитациялық ұйымдарының қорытындысы бойынша жүлделі I орынды иемденіп келеді. Біздің білім саласының қызметкерлері, университет оқытушылары, кафедра меңгерушілері ретінде тәуелсіздіктің 30 жылдығы аралығында алған марапаттарымыз бен мақтау қағаздарымыз да біршама деп ауыз толтырып айтуға болады.

2014 жылы тамызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлытауда берген сұхбатында елдің тарихы, ұлттың тілі, халқымыздың саны, қазіргі кездегі көрші елдермен қарым-қатынас орнату мәселесі айтылып, халықтың ұлт болашағына деген сенімін күшейтті. «Ұлытауға барып тебіренбеу мүмкін емес», – деп Елбасының өзі айтқандай, Сарыарқаның төрінде орналасқан Ұлытау өңірі – қазақ жерінде алғаш жылқыны қолға үйреткен тас дәуіріне қатысты Ботай мәдениеті, алғаш металлургия ісін дамытқан қола дәуірі мәдениеттері, ортағасырлық Қыпшақ, одан кейінгі Алтын Орда, Қасым, Абылай хандардың хан ордалары орналасқан жер.

2015 жылы Ұлытауда Қазақ географиялық қоғамының ұйымдастыруымен, Елбасының ізімен еліміздің 14 ЖОО студенттерінен құралған командалары бескүндік іссапарда болды. Елбасының Ұлытауда берген сұхбатынан кейін «Халық тарих толқынында» бағдарламасы, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары жарық көрді. Солардың ішінде ұлттың сана-сезімі жайлы үлкен серпіліс туғызатын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ерекше орын алады. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде баспасөзде жариялаған бұл мақалада Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды рухани дамудың көкейкесті мәселелері қарастырылған. Атап айтатын болсақ, мақаланың «XXI ғасырдағы ұлттық сана» туралы бөлімінде бәсекелік қабілеттілікті арттыру, қазақ ұлтының бірегейлігін сақтау, әлемдік деңгейге көтеру туралы айтылған. Әсіресе мақаладағы «ұлттық код», «ұлттық бірегейлік» мәселесін көтеруі – бүгінгі заманның талабынан туындаған дүние деп есептеймін.

Елімізде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының қабылдануы мен жүргізілуіне байланысты 2017-20 жылдар аралығындағы үш оқу жылында Қазақстан тарихы кафедрасы, университеттің гуманитарлық және жаратылыстану факультеттері мамандықтарының 2-курс студенттеріне арналған «Рухани жаңғыру және тарихи сананың қалыптасуы» атты элективті курс дайындап, студенттер тарапынан сұраныс туғызған осындай пәнді оқытуды жүзеге асырды. Бұдан тыс, кафедраның ОІПҚ-ы баспасөз беттері мен интернет сайттарында мақалалар жариялады. Сондай-ақ студенттердің қатысуымен түрлі тәрбиелік шараларды жүзеге асырды.

Иә, Елбасы көтеріп отырған осындай бағытта жүргізілетін ғылыми-зерттеу және тұлғаларды насихаттау жобалары Қазақстан тарихын байыта түсетіні сөзсіз. Бұл, әрине, болашақтың маңызды ісі.

Дайындаған  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Қазіргі таңда ғылыми технология өте қарқынды дамуда. Соның әсерінен әлемдік қоғамдастықта ауқымды өзгерістер орын алып жатыр. Адам геномы, жасанды интеллект, нейротехнологиялар, 3D технология және т.б. салалардағы тың ізденістер соның айғағы. «Біз де сол ғаламның бір бөлшегі ретінде ғылымды, инновациялық технологияны жетілдіруге күш салғанымыз жөн. Қазір мемлекет білім беру жүйесі мен ғылымды дамытуға зор ықылас танытуда. Өздеріңіз білесіздер, үкіметтің білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бар. Қоғамда ғылымға деген тың көзқарас қалыптаса бастады, мемлекет нақты қолдауға көшті. Енді бізге, жас ғалымдарға, жан-жақты ізденіс пен әрекет қажет», – дейді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Нұрболат Құдайбергенов.**

**ХОШ ИІСТЕНДІРГІШ ӨНДІРІСІНІҢ БАСТАУЫ**

Нұрболат Жарылқасынұлының жетекшілігімен қазір бірнеше жоба жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі – мұнай өңдеудегі C4-C10 олефиндерді металды комплексті гидроалкоксокарбонилеудің ғылыми әдісін жасау жобасы. Бұл жобаның басым бағытының атауы «Геология, минералды және көмірсутегі шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технология, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, практикалық құнды карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін, яғни биологиялық белсенді заттар, хош иістендіргіштер, еріткіштер мен тағы басқа синтездеуде қолдану үшін мұнай өңдеудегі C4-C10 олефиндермен металлокомплекті гидроалкоксокарбонилеудің ғылыми негізін жасау. Өкінішке қарай, елімізде хош иістендіргіш өндірісі жоқ. Синтетикалық хош иістендіргіштердің қажетті мөлшері (100 пайызы) алыс және жақын шетелдерден импортталады. Егер жоба жүзеге асатын болса, онда отандық өндірісте карбон қышқылының күрделі эфирлері негізінде хош иістендіргіштер мен дәрілік препараттар жасауға болады.

Жоба авторлары көміртек моноксидінің төменгі қысымында (<2 МПа) олефиндерді палладийдің фосфинді комплекстері негізінде катализаторлар қатысында гидроалкоксокарбонилеу реакциясы арқылы карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін алудың эффективті бір сатылы әдісін жасаған. Карбон қышқылының күрделі эфирлерін алудың бұл әдісі, біріншіден, үнемді. Екіншіден, экологиялық тұрғыда зиянсыз. Үшіншіден, қазіргі өнеркәсіптік әдіспен салыстырғанда мақсатты өнім сапасы өте жоғары (қосалқы қоспаларды ескергенде). Жаңа әдіс арқылы күрделі эфирлерді алудың өзіндік құны қазіргі қолданыстағы өнеркәсіптік алу әдісінен 2-4 есе төмен.

Зерттеудің ғылыми бағыты – көміртек моноксиді негізінде металкомплексті катализаторлар арқылы процестің жұмсақ жағдайында органикалық қосылыстарды карбонилеу. Елімізде бұрын-соңды мұндай салалық мектеп болмаған. Бұл саланың негізін жоба авторларының ғылыми жетекшісі болған химия ғылымының докторы, профессор Хаким Суербаев қалаған. Қазіргі таңда ұстазының ғылыми жолын шәкірттері жалғастыруда. Жоба жүзеге асқан жағдайда карбон қышқылының күрделі эфирлері негізінде хош иістендіргіштер мен дәрілік препараттар жасауға болады. Анығында, мынадай дәрілік препараттарды алуға арналған: нововалидол, корвалол, альфа-бромизовалериан қышқылының этилэфирлері. Жобада мұнайхимиядан алынатын мұнай өнімдері, яғни олефиндер қолданылады. Менделеев кестесінің

8-топ элементтері, палладий, платина, родий, рутиний сияқты металл комплекстерін катализатор ретінде қолданып, осы процесс жүргізіледі.

Жоғарыда біз елімізде хош иістендіргіш өндірісінің дамымағанын, тіпті жоқ екенін айтып өттік. Демек, бұл жобаның экономикалық және жаңа технологияларды зерттеу ауқымы хош иістендіргіштер, дәрілік препараттар және олардың жартылай өнімдерін синтездеу үшін өте өзекті болып отыр. Карбон қышқылының күрделі эфирлері органикалық қосылыстардың маңызды класы екенін айта кеткен орынды. Практикалық қолданыс аясы өте кең. Мәселен, полиэфир негізіндегі полифункционалды органикалық қышқылдар мен көпатомды спирттерден біршама шайыр түрлері мен синтетикалық талшықтар алынады. Көптеген күрделі эфирлердің физиологиялық белсенді қасиеттері бар әрі олар фармацевтикалық препараттар өндірісінде қолданылады. Мысалы, хош иісті күрделі эфирлер парфюмерия мен тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады. Сонымен бірге еріткіш және экстрагенттер ретінде де қолданылады.

**БІЗДІҢ ДӘРІ-ДӘРМЕК 2-4 ЕСЕ АРЗАН**

– Елімізде «Сұлтан фарм» фармацевтикалық компаниясы бар. Олар волокардин және корвалол дәрілік препараттарының құрамындағы негізгі активті субстраты этилизовалератты, яғни изовалериан қышқылының этил эфирін шетелден субстрат ретінде сатып алып жатыр. Оның өзіне тән құрамдас бөлігі бар, әдетте олар активті бөлшектер емес, дегенмен құрамын байытатын эфир, ментолдар болады. Мәселен, дәрі-дәрмекті сұйық етіп көрсетеді, дәмін келтіреді дегендей, соларды қосып, саудаға шығарады. Міне, сол фармацев-

тат емес. Дей тұрғанмен дәрілік препараттарға қойылатын талаптар ерекше екенін білесіздер, бұл салада нарыққа шағатын өнім клиникаға дейін және клиникалық сынақтан өтуі керек. Клиникаға дейін сынақтан өту талабы бойынша болашақ дәріні тышқаннан бастап, маймыл ағзасында бірнеше кезеңдік тәжірибеден өткіземіз. Ал клиникалық талап

отыруды жөн көрмей, елімізде сатылып жатқан сондай дәрі-дәрмектің құрамын зерттедік. Шетелден, әсіресе Украина мен Ресейден келетін дәрілерде 10 пайызға дейін қоспалар бар. Ал біздің өнімдерімізде қоспа небәрі 2-ақ пайыз. Бұл – өнімнің бірінші басымдығы. Украинаның Дарица қаласында «Фармак» компаниясы жұмыс істейді. Оларда бір про-

# Күрделі эфирден – дәрі шығаруға дейін



**ДЕРЕК пен ДӘЙЕК**

● Мұнай-химия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 1 долларға өсуі басқа салаларда 2-3 долларға дейін өсім береді. Өйткені халық тұтынатын тауарлардың 96 пайызы мұнай-химияның қатысуымен шығарылады. Мәселен, елімізде фармацевтика саласы кенже қалды. Химия өнеркәсібінің дамуы отандық фармацевтика саласын өркендетуге мүмкіндік беретіні белгілі. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ресми мәліметі бойынша, елімізде 68 фармацевтикалық кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың үшеуі – ірі, 11-і – орта, 54-і – шағын кәсіпорындар.

● Ішкі нарықтағы химия өнімдеріне деген қажеттілік жылына 3,5 млрд АҚШ долларын құраса, жыл сайын еліміз шамамен 2,4-2,8 млрд АҚШ доллары тұратын химиялық өнімдерді импорттайды.

тикалық компания мамандары «сіздердің жобаларыңыз бізге ұнады, бірге жұмыс істейік» деген ұсыныс айтып жатыр. Енді жобаны әрі қарай дамыту үшін қаржы көзі керек. Біз қажет соманың көлемін есептедік, жоба шамамен 300 миллион теңгедей қаржы талап етеді. Бұл сондай көп қара-

негізінде оны кемінде 1000 адамға пайдаланып, сынақтан өткізуге тура келеді. Бұл мәселе де қаржы-қаражатқа келіп тіреледі әрі осы жұмыстың бәрін жүргізу көп уақыт алады. Сондықтан бүгінгі таңда клиникалық сынақтар толық жасалып аяқталған жоқ. Әйтсе де біз қол қусырып қарап

цесс, яғни басынан аяғына дейін бір реакция 48 сағат жүреді. Ал біздің жағдайымызда бір процеске төрт сағат уақыт шығындаймыз. Өнімнің тағы бір тиімділігі осында. Әрине, олардың өнімдерінің де тиімді тұсы жоқ дей алмаймыз, мысалы, украиндар біз сияқты қымбат катализатор қолданбайды. Біздікі бағалы заттардан болғаннан кейін катализаторымыз қымбатқа түседі. Ессесіне қоспа аз, бұл адам денсаулығына пайдалы. «Фармактың» технологиясы бойынша реакция үш түрлі кезеңнен өтеді. Реакция кезеңі көбейген сайын оның құрамындағы әр заттың құны 20 пайызға қымбаттайды. Екі өнімнің өзіндік құнын салыстырғанда біздікі 2-4 есе арзанға шығады. Өйткені бізде бір-ақ реакция орындалады. Бағалы металдарды қолданған күннің өзінде, арзанға түсіп отыр. Демек, жобамыздың болашағы бар. Қаржысын қайда құярын білмей жүрген инвесторлар ойлансын, – дейді Нұрболат Құдайбергенов.

**ҒЫЛЫМДАҒЫ ӨЛШЕМ – БҮЛ ТЕНДЕНЦИЯ**

«Ғылымдағы өлшем» деген ғылымның бір шағын саласы бар. Әдетте ғалымдардың көпшілігі бұған мән бермейді. Негізінде, ол әр ғалым қаншалықты өсіп жатыр – соның деңгейін есептейді.

– Бұл – тенденция, сондықтан оған мойынсыну керек. Осы өлшеммен қарағанда Қазақстан ғылымы жақсы қарқынмен дамып келе жатыр. Бұрын, өздеріңіз білесіздер, халықаралық базаларға енетін журналдар болмады. Қазір химия, геология, математика және т.б. салалық журналдар осы базаға енді. Мұның өзі үлкен жетістік. Соңғы жылдары ғылым саласына бөлінетін гранттық қаржыландыру артты. Мысалы, мен жас ғалымдарға арналған байқауда жеңімпаз атандым. Сөйтіп, 2021-23 жылдарға арналған жобам бойынша 50 млн теңге ұтып алдым. Бұл біздің команда үшін үлкен мәртебе, қолдау әрі материалдық базаны жаңартуға мүмкіндік береді. Қазір түрлі байқау көп, бұл жас ғалымдарға стимул береді. Бұған қоса, қазір жылына 500 жас ғалымның шетелдік тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік беріп жатыр. Осының бәрі ғылымды дамытуға, жас ғалымдарды ынталандыруға деген құлшыныс, – деген ойымен бөлісті жас ғалым.

**Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ**



Ғылымға серпіліс керек. Әсіресе отандық ғылымның өрге басуында үздіксіз дайындық пен табанды ізденістің алар орны айрықша. Елбасы бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндігін қолданған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бекжан Мейірбаев білім нәрімен сусындатқан факультеті мен альма матерін әлемде сұранысқа ие бренд, жаһанның маңдайалды ғылым мен білім орталықтарының бірі әрі бірегейі болуына үлес қоссам дейді. Осы мақсатқа жету жолында озық халықаралық білім беру жүйелері мен тәжірибелерін зерттей отырып, Әл-Фараби университетін алдыңғы шептегі ғылыми-зерттеу университетіне трансформациялауға бір кісідей атсалысуда.

**Бекжан МЕЙІРБАЕВ,**  
философия және саясаттану факультетінің деканы:

## ҚазҰУ болашаққа жол ашты

### МАЗМУНЫ ТЕРЕҢ БАҒДАРЛАМА

Бекжан Берікбайұлы ел іргесін бекемдеуде «Болашақ» бағдарламасының мазмұны терең екенін тілге тиек етті. Өз кезегінде бағдарлама түлектері өркениеттің ұлы ойшылы, отандасмыз Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың өнегелі ісін, аманатын жалғастырушы ғалымдар болары сөзсіз. Кейіпкеріміз әңгімесінің әлқиссасын осындай пікірлерімен бастады.

Жас ғалым 2010 жылы «Болашақ» бағдарламасы аясында «Халықаралық қатынастар және жаһандық дамудың саяси мәселелері» мамандығы бойынша Мәскеу қаласындағы Ресей халықтар достығы университетінің Салыстырмалы саясаттану кафедрасында ғылыми тағылымдамадан өткен.

«Болашақпен» ғылымдағы жолын даңғылға айналдырған кейіпкеріміз «Әрбір стипендия иегері өз тәжірибесі мен білімін қоғам пайдасына жаратып, өзгелерге үлгі болуы тиіс. Ал қасиетті қарашаңырақ – ҚазҰУ болашаққа жол ашты» деген ойын жеткізеді. Ол «Болашақ» брендінің әрбір лайықты иегері мәдениеттің, этиканың, кәсіби шеберліктің индикаторы болуы тиіс екенін әрі тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктетуде жастар әлеуетін дамытуға күш салатынын атап өтті.

### МӘСКЕУЛІК ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУЕТІ

Бекжан Берікбайұлы бағдарламаның мүмкіндіктері арқылы адами капиталды жетілдіре отырып, мемлекетіміздің ХХІ ғасырда озық елдер қатарынан көріну әлеуеті артатынын жеткізді. Бұл Елбасының «Бола-



шақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалады» деген сөздерін еске түсіреді. «Болашақ» бағдарламасы осы бағытта талапкерлерге білім саласы озық елдерде оқып, тәжірибесін игеріп, тағылымын алуға мүмкіндіктер берді.

Кейіпкеріміз тағылымдама барысында өзге ғылыми кеңістікпен біте қайнасып, өзіндік қолтаңбасы бар мәскеулік ғылыми мектептің ортасында жүріп, етене зерделеуге барын салды. Онжылдық ұстаздық тәжірибесі мен ғылыми дәрежесі болғанына қарамастан, жаңа ортадан алары көп болды. Ресей халықтар достығы университетін посткөненістік кеңістіктегі халықаралық академиялық ұтқырлықтың бірден-бір жарқын мысалы деуге де әбден болады. Әлемнің сан алуан мемлекеттерінен келген студенттердің арасындағы достық пен татулық оқу, тағылымдама аяқталған соң да түрлі ғылым мен білім саласындағы тығыз қарым-қатынасқа берік негіз қалайды. Аталған университеттің қабырғасынан бастау алған ынтымақтастық әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

### КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТ ТӘЛІМІ

Бекжан Берікбайұлы тағылымдамадан өткен Салыстырмалы саясаттану кафедрасын халықаралық және салыстырмалы мәселелерді зерделейтін іргелі орталық, Франция, Германия және Қытаймен бірлескен қос-дипломдық магистрлік бағдарламалар аясында жоғары білікті саясаттанушылардың буынын даярлаған ұстахана деуге болады. Ізденуші тағылымдама барысында халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, танымал ғалымдармен жүздесіп, жаһандану процестері аясында исламның әлеуметтік-экономикалық доктринасының діни және саяси аспектілерін қарастыру мәселесі бойынша құнды кеңестер алады. Тағылымдама мамандығы аясында «Жаһандану үдерістері контекстіндегі исламның әлеуметтік-экономикалық доктринасының діни-саяси аспектілері» тақырыбын зерделейді. Ғылыми тағылымдама нәтижесінде ізденушінің «Ислам әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздері» оқу құралы шетелдік ғалымдар алқасында талқылаудан өтіп, Ресей халықтар достығы

университетінің баспасынан жарық көрді. Ғылыми кеңесшісінің ұсынысымен «Жаһандану процесі жағдайындағы діни бірегейлік мәселелері» докторлық зерттеудің тақырыбы ретінде бекітіледі. Бұл оның тағылымдамадағы ғылыми бағытының мазмұнды екенін айғақтайды.

### ҰЛЫ ҰСТАЗ ЖОЛЫ

– Әл-Фарабидей ұлы тұлға, ғұлама дүниеге келген елде ғылым мен білімнің деңгейі қандай және келешекте қандай болмақ деген заңды сұрақ туады. Сондықтан да отандық ғылым мен білімді фарабилік биіктікке көтеру стратегиялық мақсатымыз болуы тиіс. Әл-Фарабиді жан-жақты тану білім мен ғылымға деген көзқарасты жаңа сапалық деңгейге көтереді. Әсіресе жастардың бойына әл-Фарабиден жеткен таным мен тағылымды сіңіру арқылы болашақ Фарабилерді даярлау өте маңызды. Осы орайда, әл-Фарабидің «Әр адам ұстазға мұқтаж» деген сөзі қоғамның өркендеуі мен кемелденуіндегі ұстаз рөлінің қаншалықты биік екенін көрсетеді. Ендеше ұстаз мәртебесіне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені ұстаздық қоғамдағы беделін көтермей, өркениетті ел болуымыз екіталай. Шындығында, қазіргі уақытта елімізде кемеліне келген азаматтық қоғам қалыптастыру үшін Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам идеяларының өзектілігі айқын білінуде, – дейді Бекжан Берікбайұлы.

Айырылып қалған төл құндылықтарымызды жандандырып, нағыз ұлттық болмысымызды қалыптастыру – бүтіннің өзекті тақырыбы. Бұл тұрғыда философия және саясаттану факультетінің деканы, философ-ғалым Бекжан Берікбайұлы шетелдік тағылымдамадан жинаған білімі мен білігін өз қарашаңырағының дамуына жұмсайды. Осындай ғалымдарымыздың үлгілі іс-әрекеті мен тәрбиесі тәуелсіз ұлт жастарының жарқын болашағына кепіл болатын ғылыми көшбасшылыққа бастайды.

### Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

## Ғалымдарымыз ғаламдық зерттеушілер тобына қосылды

Журналистика факультетінің ғалымдары ғаламдық зерттеулер жүргізу тобына қосылды. Бүкіләлемдік журналистика зерттеулері – Worlds of Journalism Study Association (WJS) 2010 жылы құрылған. Ол – әлемдегі журналистиканың ахуалын тұрақты бағалайтын академиялық жоба.



Людвиг-Максимилиан Мюнхен университетінің профессоры Томас Ханичтың үйлестіруімен ғаламдық зерттеу тобы бүгінде 110 елдің журналистикасы академиялық ошақтарының басын біріктірген. Әлемдік QS топ-университеттердің медиа және коммуникация зерттеулері рейтингінің көшбасшы кафедралары жетекшілігі негізінде Африка, Азия, Орталық және Шығыс Еуропа, Латын Америкасы және Кариб аралдары, Таяу Шығыс, сонымен бірге Солтүстік Африка, Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінің ұлттық нарығын зерттеуді бастады.

Зерттеудің басты мақсаты – журналистер, репертерларға жұмыс бабында қойылатын шарт пен шектеулерге қатысты кәсіби көзқарастары, дүниетанымындағы өзгерістерді жақсы түсінуге ықпал ету әрі әлемдегі пандемия жағдайында журналистиканың әлеуметтік функциясын айқындау.

Ассоциацияның жарғысында көрсетілгендей, басты міндеттің бірі – ғылыми зерттеулерді қолдау және әлемдегі журналистиканың жай-күйін бағалау. WJS серіктестері ретінде ЮНЕСКО, Журналистердің халықаралық федерациясы, Шекарасыз репортерлер, Журналистер даярлаудың еуропалық ассоциациясы сияқты белді ұйымдарды атай аламыз.

Алғашқы пилоттық зерттеулер 2007-11 жылдарды қамтыса, оның келесі толқыны 2012-16 жылдары жүргізілді. Зерттеулерге алғашында әлемнің 67 елінен ғалымдар қатысып, журналистика кейстерін ұлттық деңгейде бағаласа, екінші кезеңінде жалпы методологиялық базалық зерттеулерге 27 500 журналист қатысқан. Worlds of Journalism зерттеулері журналистердің қызметтік міндеттерін орындаудағы жаңашыл тәсілдері, олардың қоғам мен үкімет арасындағы қарым-қатынасы, сондай-ақ жұмысының сипаты мен мәнін бағалауды қамтиды.

2020-22 жылдары жүзеге асатын WJS үшінші толқын зерттеулеріне 110 елдің ішінен Қазақстан ғалымдары алғаш рет қатысуда. Қазір еліміз бойынша 2500 журналисті қамтитын болжамды респонденттер базасы әзірленіп жатыр. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары WJS аясында зерттеулер жүргізуге дайын. Бұл журналистиканың ұлттық ерекшелігін жаһандық деңгейде танытуға жаңа жол ашады», – дейді Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева.

Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ



# Человек целостности и гармонии

29 октября отмечает свое 80-летие известный казахстанский учёный, философ, педагог Хасанов Марат Шамуратович. В канун Юбилея мы хотели бы рассказать о жизненном пути и творчестве этого замечательного человека. Он родился в тяжёлые военные годы, осенью 1941 г. в поселке Ермольчево Каменского района Уральской области.

Марат Шамуратович – выпускник философского факультета МГУ им. М.В.Ломоносова. Обучение в МГУ славилось не только уровнем преподавания, наставничеством, демократичностью и открытостью преподавательского состава, но и высокой шкалой требований и ответственности. После окончания философского факультета в 1970 году, проработав, как это было принято, около года ассистентом кафедры философии и теории научного коммунизма ЗКСХИ, он поступил в аспирантуру МГУ. Его научным руководителем был профессор Арчил Якимович Ильин – энциклопедически образованный эрудит и жизнелюб, свободный владевший пятью языками. Хасанов М.Ш. в 1975 г успешно защитил кандидатскую диссертацию по теме: «Проблема целостности в свете развития», которая получила свое дальнейшее развитие в его докторской диссертации «Целое и часть как категории материалистической диалектики» (1987).

Выпускник МГУ, кандидат философских наук М.Ш.Хасанов, принятый на работу в ведущий университет Казахстана, прошел на кафедре философии естественных факультетов КазГУ имени

С.М.Кирова (с 1975 по 1995 гг.) все ступени: от ассистента до профессора – заведующего кафедрой. Марат Шамуратович внес большой вклад в подготовку философских кадров РК – кандидатов наук и докторов наук. После развала СССР, в начале 90-х годов, остро стоял вопрос социокультурной идентификации народа Казахстана, в эти годы профессор Хасанов выступил с инициативой провести в Алматы первый в Казахстане цикл международных симпозиумов «Восток-Запад: диалог культур» и международный семинар «Человеческий разум в поисках истины». Он считал, что это – верные шаги к самоидентификации казахстанского народа, интеграции его в мировое сообщество. Позднее (в 1995 и в 2001 гг.), состоялись второй и третий международные симпозиумы. На базе КазГУ им. Аль-Фараби и при содействии Фонда Сорос-Казахстан Хасанов разработал образовательный проект КазГУ – Оклахомский университет, получивший грантовую поддержку ЮСИА (1994). Сотрудничество между этими университетами продолжается и поныне.

Определившись с целями реформации образования, про-

фессор Хасанов в последующие годы возглавил рабочую творческую группу, подготовившую проект «Концепции гуманитарного образования в РК, утвержденный Национальным советом по государственной политике (1994 г.), на основе которой были определены приоритеты реформирования отечественной системы образования на 1995-2000 гг.

Для создания, внедрения и апробации новой модели социогуманитарного образования в КазГУ им. Аль-Фараби был создан Центр гуманитарного образования, которым профессор Хасанов М.Ш. руководил в течение двух лет. С 1995 по 2000 гг. работал заместителем Председателя ГАКа (ВАКа) РК и на этой ответственной должности внес серьезный вклад в подготовку научных и научно-педагогических кадров высшей квалификации РК. В лучших традициях мирового научного сообщества М.Ш.Хасанов впервые провел на базе КазГУ им. Аль-Фараби в 2002-2003 гг. при содействии Фонда «Сорос-Казахстан» летние университет-



лософии он имеет более 84 научных и учебно-методических работ на казахском, русском и английском языках, выступал с докладами в Москве, Санкт-Петербурге, Риге, Обнинске, Тарту, Оклахоме, Таллинне, Тайпее, Берлине. Так, профессору Хасанову М.Ш. присвоено звание академика Академии социально-гуманитарных наук РК.

Профессор Хасанов М.Ш. является автором монографий: «Космос казахской культуры», «Аль-Фараби и современность», «Қазақ мәдениетінің кеңістігі», «Генезис и развитие казахской цивилизации», «Казахская философия: прошлое, настоящее, будущее», «Трансформация демократии: история, теория, практика», «Социокультурное становление современного общества», «Казахская философия», «Философия казахстанской цивилизации», «Современная казахстанская философия», «Философия и история философия науки» и др.

Коллектив кафедры философии КазГУ им. Аль-Фараби, ученики и коллеги искренне поздравляют Марата Шамуратовича с наступающим 80-летним Юбилеем и желают долгих лет жизни и дальнейших творческих успехов.

**Ә.ҚҰРАНБЕК,**  
к.филос.н., зав. кафедрой философии

**Т.ЛИФАНОВА,**  
к.филос.н., доцент кафедры философии

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Кембридж университетінің Фицуильям мұражайында «Ұлы дала алтыны» көрмесі ашылып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары тапқан экспонаттар қойылды.

## Кембридждегі «Ұлы дала алтыны» көрмесі



Оған белгілі археолог-ғалымдар, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлары Әбдеш Төлеубасев пен Зейнолла Самашевтың қазба жұмысы нәтижесінде табылған Шығыс Қазақстан облысындағы ежелгі сақ қорғандарының алтын артефактілері қойылды. Ұлыбритания жұртшылығы біздің дәуірімізге дейінгі VIII-III ғасырларда Орталық Азияда, атап айтқанда Қазақстанның Алтай тау жүйесінде, үстемдік еткен скиф өркениетінің жәдігерлері, сақ қорғандарынан табылған күнды дүниелерін тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Көрмеде Берел, Шілікті және Елеке сазы сияқты үш түрлі қорымнан шыққан 100-ге жуық

археологиялық олжа қойылған. Экспозиция ежелгі сақтардың көшпелі мал шаруашылығы, тау-кен өндірісі және металлургия салаларында бірегей мәдениеті мен терең білімі болғанын көрсетеді. Бұл кезеңді ежелгі қазақтар тарихындағы «алтын ғасыр» деп те атайды. Киімі 15 мың алтын заттан тұратын «алтын адамның» қалдығы – экспозицияға қойылған ең бағалы экспонаттардың бірі. Бұл Ұлыбританияға және бүкіл әлемге Қазақстанның ежелгі мәдениетін танытуға арналған ерекше мүмкіндік.

Экспозиция Фицуильям мұражайында келер жылдың 30 қаңтарына дейін өтеді.

Өз тілшімізден



## Ұстаз мерейі

Қарашаңырақтағы шығыстану факультетінің ұжымы шығыстанушы, лингвист, филология ғылымының докторы Баян Жұбатованың 60 жылдық мерейтойын атап өтті.

Баян Нұрсұлтанқызы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің араб бөлімін 1985 жылы бітірген. Университетті аяқтаған соң, еңбек жолын Қазақстан Орталық музейінде ғылыми қызметкер ретінде бастады (1985-89 жж.). 1990 жылдан бастап, бүгінге дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет атқарып келеді. Университеттегі педагогикалық қызметін филология факультетінің Практикалық қазақ тілі кафедрасынан бастады, кейін осы шығыстану факультетіндегі Араб филологиясы кафедрасына ауысты.

1995 жылы Марокко Корольдігіндегі Мауләй Исмаил, 2004, 2008, 2020 жылдары Египет Араб Республикасындағы Каируниверситеттерінде араб тілі мен әдебиеті бойынша біліктілік арттыру тағылымдамаларынан өтті.

1990 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ассистент,

аға оқытушы, доцент, шығыстану факультеті деканының орынбасары, Арабтану кафедрасының меңгерушісі, шығыстану факультетінің деканы қызметтерін атқарды.

Ұстаздың ғылыми жұмыс тәжірибесі – 30 жыл: «Қазақ қисса-дастандарындағы араб, парсылық кірме сөздері» (2001 ж., ғылыми жетекшісі – акад. Р.Сыздық) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал докторлық диссертациясын «Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер» қайрыбына араб, парсы тілдерінен енген кірме лексикалық бірліктер, лингвистикадағы кірме сөз мәселесімен, араб, парсы және қазақ мәдени-тілдік байланыстары, орта ғасырлардағы араб жазуындағы түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеумен айналысып келеді; үш ғылыми монографияның, 80 ғылыми мақаланың авторы, лингвистика саласында, мәдени-тілдік байланыстар мәселелері бойынша маман, 2012-14 жылдарға арналған «Түркі әлемі мен шығыс: мәдени-тілдік қарым-қатынастар (диахрондық қыры)» атты ғылыми жобаға (гранттық қаржыландыру) жетекшілік етті. Жоба нәтижесі 2014 жылы «Түркі әлемінің шығыс елдерімен мәдени-тілдік байланысы (араб, парсы және үнді тілдеріндегі туркизмдер)» тақырыбындағы монография түрінде жарық көрді. 1997-98 жылдары А.Бай-



тұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі» жобасына қатысты. ҚР БҒМ ҒК грантымен «Мысыр мәдениетіндегі түркілік қабат» атты ғылыми жобаға жетекшілік етті (2018-20);

Ғылыми жұмыспен қатар, шәкірт ілестірген ғалым 4 PhD жұмысына жетекшілік етіп, оларды ғылым жолына баули білді.

2012 жылы ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері атанды. «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

Рәбиға Сыздық апамыздың «60 жастан ары қарай ғылым жолы жандана түседі» дегенін арқау етіп, әлі де тың еңбек ететінімізге Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының ұжымы сенімді.

**Дина КӨПТІЛЕУОВА,**  
филология ғылымының кандидаты, доцент

## Бас жүлде – ҚазҰУ-да оқу гранты

### ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ ЖАСТАР!

Сіздерді ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтетін IX «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық студент жастардың шығармашылық байқауына қатысуға шақырамыз!

Байқаудың мақсаты – студент жастардың Қазақстан болашағы алдындағы азаматтық жауапкершілігін және патриоттық сезімін арттыру, қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге арналған жастар бастамаларын ынталандыру және көтермелеу, мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық ұйымдар және бизнес өкілдерімен қазақстандық қоғамның бірлігін нығайту мақсатындағы жастар диалогын ұйымдастыру.

Байқау шарты бойынша «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жоба, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» студенттік эссе, «Мен жастарға сенемін!» азаматтық-патриот-



тық жыр туындысы, «Sanaly ugraq» ең үздік сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоба, «Тәуелсіздік және жастар» тақырыбында сурет салу, «Қазақ тілі – татулық тілі» өзге ұлт өкілдері арасында көркем сөз оқу, «Туған табиғатты аялау – азаматтық міндет!» экологиялық жоба, «Дәрігер –

ардақты мамандық!» бейнеролигін түсіру бағыттары қамтылған.

Байқауға қатысу үшін алдымен 2021 жылдың 10 қазанынан бастап 30 қазанға дейін әрбір үміткер өз жұмысын 1 минуттан 3 минутқа дейінгі көлемде бейнежазба түрінде mjs.farabi@gmail.com электронды поштаға жіберуі тиіс. Қабылданған жұмыстарды тәуелсіз қазылар алқасы саралайды. Ең үздік жұмыстардың авторлары 2021 жылдың қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтетін «Мен жастарға сенемін!» байқауының финалына шақырту алады. Жүлдегерлер арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Бас жүлдеге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бір жыл тегін оқу гранты беріледі.

**Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың Баспасөз  
қызметі**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Балалар әдебиеті жылы аясында Ұлттық академиялық кітапхана ұйымдастырған «Ер Төстік» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған әдеби байқауының әділқазылар алқасы әріптесіміз, «Қазақ университеті» газетінің тілшісі Нұрбек Нұржанұлының «Кітап патшалығы» әңгімесін үздік шығарма ретінде бағалап, «Проза» жанры бойынша байқаудың жеңімпазы» деп жариялады.

## Қаламың қарымды болсын, әріптес!

Балалар әдебиеті жылына орайластырылған мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығына арналған байқауға республика бойынша 90 автордан 100-ге жуық шығармашылық жұмыстар жолданған. Жас қаламгерлердің еңбектері проза, ертегі, өлең және иллюстрациялар бойынша сұрыпталып, ішінен үздік шыққан шығармаларға қаржылай сыйлықтар тағайындалды. Марапаттау рәсіміне жазушылар, депутаттар және ұстаздар қауымы қатысты. Қазылар алқасының мүшесі, әдебиет сыншысы Анар Қабдуллинаның айтуынша, 90 шығарманың ішінен үздіктерін таңдап алу үшін бірнеше күн бойы қазылар арасында тартыстар болыпты. Демек, дарынды жастардың байқауға жолдаған туындылары жаппай жүлдеге лайықты, салмақты болғаны ғой. Осындай



жоғары деңгейдегі сұрыптаудан өткен додандан озып шығып, бас жүлде – 500 мың теңгені олжалаған әріптесіміз Нұрбек Нұржанұлын кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

Бұл – «Мұң Ай» жыр жинағы мен балаларға арналған «Кәусар бұлақ» әңгімелер жинағының авторы, өлеңдері «Жыр маржаны» поэзия антологиясына енген жас ақын-

ның республикалық сайыстардағы бірінші жеңісі емес. Нұрбек Нұржанұлы Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінде 1-орынды, Халықаралық «Шабит» фестивалінде 3-орынды еншілеген танымал қаламгер. Республикалық «Алтын қалам» байқауының «Жылдың үздік поэзиясы» аталымының жүлдегері. Республикалық «Қазақ пен қала» әдеби байқауының 1-орын иегері.

Біз Нұрбек Нұржанұлына алдағы уақытта тың ізденіс тілейміз! Қаламгер болу оңай емес, оқырман алдындағы жауапкершілік зор міндеттер жүктейді. Адам ойының, сана-сезімінің өзгеруіне, қоғамның алға жылжуына қаламгерлердің ықпалы орасан. Осы тұрғыдан алғанда Нұрбек Нұржанұлы көптің сенімін ақтайды деген үміттеміз.

**«Қазақ университеті»  
газетінің ұжымы**

### ■ Біздің оқырман



**Мейіргүл ЖЕТПІСБАЕВА,**  
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымының кандидаты



Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

## Жастар конгресі кітап сыйлады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан жастарының конгресі белгілі қазақстандық саясаттанушы, шығыстанушы ғалым Сұлтан Әкімбековтің 322 кітабын сыйға тартты.

Беделді жастар ұйымы жетекші университетке жемісті ынтымақтастық және білімді ұрпақ қалыптастырудағы үлесі үшін алғыс білдіре отырып, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, ерекше тарту жасады.

Білім ордасының кітапхана қорына келіп түскен тарихшы ғалымның «Қазақстан в Российской империи», «Казахи между революцией и голодом», «Каньшин – традиционное общество казахов» атты еңбектері Қазақстан тарихындағы аса күрделі әрі елеулі кезеңдерге арналған. Кітаптарда Ресей империясы құрамындағы Қазақстан тарихына байланысты мол мағлұматтар беріліп, жаңару үдерістері, жер дауы және басқа да көптеген мәселелермен қатар, Қазақстан мен Ресейдің өзара іс-қимылының әртүрлі бағыттары



терең талданған. Бұл еңбектер білім алушылар мен оқытушылар, жалпы, отандық тарих ғылымы үшін аса құнды дерек көзі екені даусыз.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы - Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.